

Покатилов селолық округінің Покатилов ауылындағы көшелердің атауларын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Покатилов селолық округі әкімінің 2010 жылғы 2 қарашадағы N 7 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 15 қарашада N 7-12-99 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Покатилов ауылы тұрғындардың пікірлерін және ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 13 қазандағы N 1 хаттамасын ескере отырып, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Покатилов селолық округі Покатилов ауылының келесі көшелерінің атаулары өзгертілсін:

В. И. Чапаев көшесі – С. С. Курлапов көшесіне;

В. И. Ленин көшесі – А. Құнанбаев көшесіне;

50 лет Пионерии көшесі – Достық көшесіне;

Юбилейная көшесі – И. Шұғайыпұлы көшесіне.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Покатилов селолық округінің әкімі

Е. Бекетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК